

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



**«GLOBALLY INTERCONNECTED: NEW OPPORTUNITIES  
AND CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT» АТТЫ  
IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАҚАЛАЛАР  
Ж И Н А Ғ Ы**

---

**С Б О Р Н И К**  
научных и учебно-методических статей  
**IV МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ**  
**«GLOBALLY INTERCONNECTED:  
NEW OPPORTUNITIES AND CHALLENGES  
FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT»**

---

**M A T E R I A L S**  
**OF SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL ARTICLES OF  
IV INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL  
CONFERENCE «GLOBALLY INTERCONNECTED:  
NEW OPPORTUNITIES AND CHALLENGES  
FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT»**

АЛМАТЫ 2023

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

«GLOBALLY INTERCONNECTED: NEW OPPORTUNITIES AND  
CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT» АТТЫ  
IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАҚАЛАЛАР  
ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК  
научных и учебно-методических статей  
IV МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«GLOBALLY INTERCONNECTED: NEW OPPORTUNITIES AND  
CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT»

---

MATERIALS  
of scientific and methodological articles of  
IV INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL CONFERENCE  
«GLOBALLY INTERCONNECTED: NEW OPPORTUNITIES AND  
CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT»

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2023

Қазақстан, 16.11.1993 ж.). Сыртқы елдермен экономикалық байланыс орнату үшін ішкі бірлігімізді, ынтымағымызды нығайту негіздерін көрсетті.

«Ұрпақтар ынтымағы – келешек кепілі» мақаласында (Қазақ әдебиеті, 19.03.1999 ж.) елімізде басталған реформалар мен қабылданған бағдарламалар негізінде ой өрбітеді. Нарық қатынастарын дамыту мен қоғамды дамыту демократияландыруды біртіндеп жүзеге асыра отырып, әлемдік өркениет төріне өтуді көздейді. Өйтпейінше бұл тығырықтан шыға алмаймыз деп, ұрпақ тәрбиесіне аса бағыт бере сөйледі. Адамның рухани жетілуі болмаса, қоғамдағы өзгерістерді қабылдаудың қиындығын түсіндіріп кетеді. Азаматтықтың белсенділіктің ол тек елдің білегін көтеріп шыға келетін елгезектік емес, ол бүгінгі күн мен ертеңгі келешектің әрекетке жүгінетін ісі. Осы мәселе төңірегінде кеңінен толғайды. Ұрпақтың ұрпаққа қалдыратын ең асыл мұрасы оның рухани мұрасы. Одан қол үзген қауым келешегінен қол үзбек. Ұрпақтар ынтымағы – келешек кепілі болмақ. Азаттыққа үйретудің өзі ең алдымен ынтымаққа үйрету болғандығын еске салады.

«Ұлттық ұлы ұранымыз» мақаласында (Егемен Қазақстан, 18.01.2014 ж.) ұлтқа қыз-мет студің, оның байлығын сақтаудың мәні қаншалықты екені сөз етіледі. Қайбір ұлттың егемендігі байлығы арқылы сарапталады. Автор бұнда жеке адам баласының о бастағы жаратылысынан бастап, оның бүкіл даму кезеңіндегі туыстық, рулық жағынан ұйымдасуы мемлекеттік қалып түзеуі арқылы көбейген соң, оның адам ретінде күнделікті өміріне қажетті сұраныстардың да артуы, бір кездегі байлықтың кеміп, оның талан-таражға ұшырау салдарынан қиындықтарға тап болғанымыз жайлы ой қозғайды.

«Ә. Кекілбайұлы өзінің ғибратты ғұмырын Тәуелсіздікті нығайтуға, мемлекеттіліктің тамырын тереңдетуге арнаған абыз адам. Қай шығармасын алсаңыз да, түпкі мазмұнында елдіктің, егемендіктің, естиярлықтың лебі есіп тұратыны сондықтан. Әдебиетші Әбіш – ұлтжанды суреткер, саясаткер Әбіш – мемлекетшіл тұлға. Ол осы екі міндеттің де жүгін армен, салмағын санамен, өлшемін өремен көтерді. Бүгілмес берік, бөгелмес байыпты Әбекең – ғажап суреткер, сұңғыла саясаткер, білікті басшы, қай қалыпқа салсаң да қайыспас қара нар болатын» [3, 81-б.].

Қорыта келгенде, Ә. Кекілбайұлы саясаткер-публицист ретінде ел өміріндегі жаңалықтарға, трансформацияланған қоғамдағы барлық өзгерістерге дер кезінде үн қоса білді. Жазушының өзекті қоғамдық мәселелерді көтерген әр мақаласы халық өмірінің деректі куәгері болды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. 9-том. – Алматы: Өлке, 1999.
2. Кекілбайұлы Ә. Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие // «Жалын» журналы. – 1999. – №11-12.
3. Көшербаев Қ. Әбіш мұхиты. Құндылықтарымыз құлдырамасын. – Нұрсұлтан: Фолиант, 2021.

ӘӨК 373.6

Махарова Г.С.\*

### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН КӘСІБИ БАҒЫТТА ОҚЫТУ-ЗАМАНАУИ ҚАЖЕТТІЛІК

*Аннотация* Мақалада жоғары оқу орындарында ағылшын тілін кәсіби бағытта оқытудың ерекшеліктері қысқаша баяндалады.

*Кілт сөздер:* шет тілі, жоғары оқу орны, тілдік тұлға, коммуникация.

*Аннотация* В статье кратко описаны особенности профессионального преподавания английского языка в высших учебных заведениях.

*Ключевые слова:* иностранный язык, высшее учебное заведение, языковая личность, коммуникация.

\* филология факультеті, шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан,  
e-mail: [Maharova727@gmail.com](mailto:Maharova727@gmail.com)

*Abstract* The article briefly describes the features of professional teaching of English in higher educational institutions.

*Keywords:* foreign language, higher educational institution, language personality, communication.

Жаһандық геосаяси, коммуникациялық және әлемдік технологиялық үдерістер тұлғаның коммуникативті мәдениетіне және оның коммуникативті құзыретіне дәстүрлі қатынасты айтарлықтай өзгертті. Бұл жеке тұлғаның әр түрлі қауымдастықтарда өзін-өзі жүзеге асыру процесінде және жалпы қоғамдағы өзінің рөлін саналы түйсінуге тұлғаны әлеуметтендірудің тиімді құралдары болып табылады. [1,14]

Білім беру парадигмасының өзгеруі және ұлттық үлгінің қалыптасуы кәсіби педагогикалық білім берудің сапасына қатысты мәселелерді назардан тыс қалдырмайды. Қоғамның сұранысы қарай ХХІ ғасыр талаптарын жүзеге асыра алатын, мәдениетаралық қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа дайын, ашық ақпараттық-коммуникациялық кеңістікте өз бетінше жұмыс жасай алатын және өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, жоғары білікті мамандармен қоғамды қамтамасыз ету бүгінгі күннің талабы.

Барлық деңгейдегі халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықтың кеңеюі, Қазақстан Республикасының еуропалық және әлемдік қауымдастыққа интеграциялану саясаты өміріміздің барлық салаларына қатысты, соның ішінде білім беру саласы – халықаралық қатынастың кем дегенде екі шетел тілін білуді қамтамасыз ететін халықаралық стандарттарға сәйкес болуы қажет дегенді білдіреді. [2]

Соңғы жылдардағы тілдік білім беруге қатысты педагогикалық және лингвистикалық зерттеулерден көптілділік (multilingualism, polylingualism) құбылысына ерекше қызығушылық танытылғанын байқауға болады. Еуропа Кеңесінің тіл саясаты департаменті көптілділікті-«адамның бірнеше шетел тілдерін білуі (құзіреттіліктің әртүрлі деңгейлерінде)» деп анықтайды. Заманауи білім беруде білім беру процесіне қатысушылар қажетті сапа мен қасиеттерді жан-жақты қалыптастыруға мүмкіндік беретін құралдармен формалардың және технологиялардың үлкен таңдауына ие. Осыған орай, бірінші шет тілі негізінде екінші шет тілін меңгерту студенттердің бір мезгілде бірнеше шет тілін меңгеру процесінде кездесетін негізгі проблемаларды зерттеу және сонымен қатар оларды еңсеру жолдарын анықтау маңызды болып табылады. [3,24-26]

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың басты ерекшелігі, тілді тек сөйлеу құралы ретінде ғана меңгертіп қоймай, сонымен қатар студенттердің кәсіби қызметі аясында тілді жетілдіруіне, біліміне білім қосып, тілдік тұлғаға айналуына, тілдік әлеуетінің дамуына және қоғамның мәдениетті мүшесі болып қалыптасуына өзіндік үлесін қосады. [4].

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудағы ерекшеліктерінің бірі «пәнсіздік». «Дүниедегі құбылыстардың барлығын басқа пәндер қарастырса, ана тілінің көмегі арқылы адам сол құбылыстардың барлығын меңгереді. Ағылшын тілін меңгеру тіл үйренуші үшін қатысымдық тұрғыда қарастырылады» [5,87].

Студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда жоғары оқу орындарында «ағылшын тілін оқыту» ұғымының мәнін ашып, нақтылау үшін алдымен тіл ұғымына тоқталар болсақ, тіл білімінің философиялық негізін қалаушы ғұлама В.фон Гумбольд «Тіл – ішкі және сыртқы әлемнің ортасында орналасқан әлем. Тілдің адамға нақты және негізгі әсері оның күшті ой күшімен шартталады. Ой әрекеті мен тіл екеуін де қанағаттандыратын форма тудырады. Тіл – халықтың рухының сыртқы көрінісі; халықтың тілі – оның рухы, халықтың рухы – оның тілі»деп тұжырымдайды. [6,97-102].

Е.И. Пассовтың пайымдауынша, шетел тілін оқыту дегеніміз – адамның жеке тұлға ретіндегі білімінің қалыптасуы: рухани байлығын, қабілеті мен әлеуетін дамыту, қажеттіліктерін көтеру, моральдық – жауапты және әлеуметтік бейімделген адамды тәрбиелеу. Нәтижесінде, білім – мәдениетке кірігу арқылы адамның қалыптасуы жүзеге асады және оны сіңіре отырып адам оның субъектісі болады. [7.214].

Адам өз бойындағы лингводидактикалық әлеуеті мен қабілетін дамыту арқылы, тілдік қарым-қатынасты жандандыра отырып, әрқашан өз күшімен өзі тіл жасайды. Лингвис-

тикада тілдік қабілет жайлы сөз қозғағанда, А.А. Леонтьевтің пікірі бойынша «шетел тілін меңгеруде тілдік қабілет деңгейлері тілдік жүйе деңгейлеріне сәйкес келеді» . [8,22].

И.А. Зимняя адамның әлеуметтік, интеллектуалды және жеке басының функция-ларын қамтамасыз ететін шетел тілінің үш түрлі психологиялық сипаттамасын ұсынған.

Біріншіден, И.А. Зимняя шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде; тілдік ортаға ену; жеке адамның тарихи-қоғамдық, әлеуметтік тәжірибе жинақтауы үшін; адамның тарихи-мәдени құндылықтарға бейімделуі; тіл қарым-қатынас барысында адамның әлеуметтік даму құралы ретінде қарастырады.

Екінші топқа И.А. Зимняя тілдің қоршаған ортаны тану құралы ретінде, оларды сөз-бен атау; адамның танымдық қызығушылығын дамыту құралы, қатысымдық және таным-дық, кәсіптік қажеттіліктерін қамтамасыз етуші құрал ретінде адамның интеллектуалды функцияларын жүзеге асырады.

Үшінші топқа адамның өзін-өзі танытуы, ішкі дүниесінің құрылымын ашып беретін өзін-өзі тану әрекеті, рефлексияны жатқызады. Автордың айтуынша, тіл адамның тұлға-лық рефлексиясының қалыптасуы барысында, белгі жүйесі ретіндегі жалғыз құрал.[9,160].

Психологиялық тұрғыдан шетел тілін оқытудың төмендегідей аспектілерін атауға болады. (И.Л. Зимняя, А.А. Леонтьев):

- оқытудың кешенділігі;
- оқытудың қатысымдық бағыттылығы;
- оқытудың саналылығы;
- ана тілін ескеру;
- оқытудың қарқындылығы.

Оқытудың *кешенділігі* біруақытта оқуға, сөйлеуге, тыңдалым мен жазылымды іске асыру болып, яғни, сөйлеу әрекетінің барлық түрлері қамтылады. [8,28].

Оқытудың *қатысымдық бағыттылығы* ағылшын тіліндегі қарым-қатынасты оқыту-да түрлі интеллектуалды және практикалық әрекеттер арқылы көрінеді. Оқыту процесінде сөйлеуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар орындалады. Бұл ретте мәтінмен жұмыс, диалог, әңгіме жүргізу, пікірталас т.б.

Оқытудың *саналылығы* тілдік құралдарды пысықтау және шетел тілінде алғашында ойды саналы әрекет ретінде қалыптастыру мен жүйелеу; одан кейін саналы бақылау деңгейіне ауысу болып табылады. Оқытудың саналылығы қандай-да бір тапсырмаларды орындау қажеттілігін студенттерге жеткізе білу, бұл өз кезегінде оқытудың тиімділігін арттырады.

Шетел тілін оқытуда тіл үйренушілердің ана тілінде қалыптасқан білімдеріне, дағдыларына және шеберліктеріне сүйену қажет. Бұл тіл оқытуда мәтіннен негізгі ойды анықтауға, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, ішкі сөйлеуді сыртқы сөйлеуге ұластыра білуге, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Оқытудың қарқындылығы оқытудың түрлерін, әдістері мен тәсілдерін анықтауда адамның белсенді әрекетінің сипатын ескеруді қажет етсе, ал оқытудың түрлері мен тәсілдерін жасауда тұлғаның әрекеті мен мотивациялық-эмоционалды аясы жайында пікірі мен оның психикасын ескеруді қажет етеді.[10,221]

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда білімдік мақсат студенттің тілді қоғамдық құбылыс ретінде дұрыс қабылдауын қарастырады. Кәсіби бағытта түпнұсқадағы арнайы әдебиеттер көзімен, түрлі елтанымдық тақырыптармен жұмыс жасау студенттің логикалық ой өрісін кеңейтуге, өзін-өзі тануға, ақпаратты шынайы бағалау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту ерекше мәнге ие. Себебі «Ағылшын тілі әлемде бірінші орында, халықаралық тіл ретінде танылған, бизнес, технология, ғылым мен білім, саясаттың, маңызды кездесулер мен халықаралық конференциялар тілі» [11,20].

М.А. Хасман «Ағылшын тілінің 21 ғасырдағы рөлі» атты мақаласында «Ағылшын тілінің сөздік қоры, грамматикалық жүйесі, сөйлеу жолы, жазылуы әлемдегі технология-

лық, ғылыми даму, экономика мен басқару, әдебиет жанрларының дамуымен қоса дамып келеді. 1500 жыл бұрын ағылшын тілі Англияны басып кірген герман тайпаларының тұрпайы тілі болса, бүгінде әлемдік тіл деңгейіне көтеріліп отыр» деп Андатпа дейді. Ағылшын тілінің әлемдік таралуына үш фактор әсер етеді: ағылшын тілінің ғылым, технология, нарықта кеңінен қолданылуы; сөздік қорын басқа тілден енгізе алу бейімділігі; ағылшын тілінің түрлі диалектілерінің қолдануға бейімділігі. Оған қоса ағылшын тілі Американдық, Ағылшындықтардың, Канадалық, Үндістандық, Австралиялық диалектілерге бөлінеді, сондықтан, ағылшын тілін қолдануда әр мемлекет тілдің қолданылуы мен сөз қорына өз елінің мәдениетінің аспектілерін енгізуіне болады. [12,3-4]

Әлемдік деңгейде ағылшын тілін оқыту, бұл тілде білім алу және білім беру неше ғасыр бойы сәтті жалғасын тауып келеді. Ағылшын тілін оқытудың кейбір аспектілері әлі де көп өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Алайда, қоғамдағы ақпараттық – технологиялық, нарықтық, әлеуметтік, білімдегі технологиялық өзгерістер тілді оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі түрлендіріп жаңартуды талап етеді. Ағылшын тілінің пән ретіндегі ерекшеліктерінің бірі оқыту мазмұнының функционалдығы болып табылады. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың мазмұнын анықтау өзекті мәселелердің бірі. Әлеуметтік тапсырыс білім берудің мақсаты арқылы оқыту мазмұнын да өзгертіп отырады. Өйткені тілді оқытудың мазмұны қоғамдағы қарқынды өзгерістермен әлеуметтік, ғылыми жетістіктерге, кәсіби бағыттағы субъектінің қажеттіліктеріне сәйкес негізделіп, тұлғаның кәсіби бағытта дамуына ықпал етуі керек.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Теория и практика обучения иностранным языкам: традиции и инновации: Сборник статей международной научно-практической конференции памяти академика РАО Инессы Львовны Бим. – М.: ТЕЗАУРУС, 2013. – с.
2. Концепция развития образования в Республике Казахстан до 2015года.
3. Обучение иностранным языкам – современные проблемы и решения : сборник материалов I Международной научно-практической конференции имени Е. Н. Солововой (5-6 ноября 2019 года) [Электронный ресурс] / под ред. М. А. Буровой, А. Е. Буровой и др. – Обнинск : Титул, 2020. – 796 с.стр 24-26
4. Всемирный доклад по образованию: Учителя, педагогическая деятельность и новые технологии. – Изд-во ЮНЕСКО, 1998. – 175 с
5. Зимняя И.А. Психология обучения неродному языку. – М.: Русский язык, 1989. – 180 с.
6. В. Гумбольдт //в сб.: Звегинцев В. Теория языка. Методы его исследования и преподавания. – Ленинград: Наука, 1981. – С. 97-102.
7. Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. – М.: Рус.яз., 1977. – 214с.
8. Леонтьев А.А. Коммуникативность: прошло или пришел или пришел ее время? //Иностранные языки в школе. – 1991. – №5. – С. 22-28.
9. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. – М.: Просвещение, 1985. – 160 с
10. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. – М.: Просвещение, 1991. – 221с.
11. Crystal D. English as a global Language. – 2nd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – 205 p
12. Hasman M.A. The Role of English in the XXI Century //English Teaching Forum. – 2000. – Vol.38, № 1. – P. 3-4.

40.	Қонақбаев Қ. Ә. Ә. ДАЙЫРОВАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫН ОҚЫТУ .....	354
41.	Көшербай Н.Е. АҒЫЛШЫН ТІЛІ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОГНИТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ .....	356
42.	Куванышева А. У. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	360
43.	Кулжанова М.З. АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОЙЫНДАР.....	362
44.	Madeyeva A.A., Zhumasheva A.Sh. LINGUOCULTURAL INTERFERENCE AND WAYS TO OVERCOME IT ON THE EXAMPLE OF PAREMIA AND PHRASEOLOGICAL UNITS (BY THE MATERIAL OF THE RUSSIAN AND ENGLISH LANGUAGES).....	365
45.	Мәжитова А.Қ., Кисметова Г.Н. USING THE PROJECT-BASED METHOD TO DEVELOP MONOLOGUE SKILLS WHILE TEACHING ENGLISH IN SECONDARY SCHOOL .....	369
46.	Мақұлбек Д.А. Куралова А.Т. МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ ТӘСІЛІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АББРЕВИАТУРАЛАРЫН ТАЛДАУ .....	372
47.	Matanov N.B., Kuralova A.T. RESEARCH AND DEVELOPMENT OF MODELS FOR COMPILING SYNONYMS OF THE KAZAKH LANGUAGE BASED ON MACHINE LEARNING .....	377
48.	Маукебаева Г.А., Карымбаева С.М. ПЕДАГОГ ІЗДЕНІСІ: ІС-ТӘЖІРИБЕДЕГІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ .....	380
49.	Махамбетова А. Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫ .....	383
50.	Махарова Г.С. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН КӘСІБИ БАҒЫТТА ОҚЫТУ- ЗАМАНАУИ ҚАЖЕТТІЛІК .....	384
51.	Молдабаева Л.Б., Карымбаева С.М. САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БІРГЕ ОҚУ .....	388
52.	Muzaparova A.R., Belyalova A. CURRENT STATE AND PROSPERCTS OF MOBILE APPLICATIONS IN THE LEARNING PROCESS OF FOREIGN LANGUAGE .....	391
53.	Муқанов Ш. М. ПРОБЛЕМЫ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОГО ПЕРЕВОДА .....	395
54.	Muldagaliyeva S.A. Kaskyrbayeva S.K. THE “FLIPPED CLASSROOM MODEL” AS AN EFFECTIVE TECHNOLOGY IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE .....	398
55.	Муратбекова А.А. ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНАН ШЫҚҚАН ҰЛЫ ДАНЫШПАН ӘЛ – ФАРАБИДЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ ....	